

## Мемлекеттік монополияға жатқызылған сараптама қызметімен технологиялық байланысты қызмет түрлері тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 15 қыркүйектегі № 491 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 қыркүйекте № 24433 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабының 9-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-4-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.05.2022 № 278 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік монополияға жатқызылған сараптама қызметімен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

Б. Атамкулов

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2021 жылғы 15 қыркүйектегі  
№ 491 бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік монополияға жатқызылған сараптама қызметімен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесі**

"Бір терезе" қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйені жүргізу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК